



ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНЫҢ
ҚҰРЫЛУЫ

МҰСТАФА ШОҚАЙ



Түркістан легионы

Түркістан легионы – Орталық Азияда туған түркілерден тұратын Вермахттың бөлімі. Кеңес пропогандасы легионның құрылуында Мұстафа Шоқайды айыптаған. Бірақ та кей бір деректерге сүйенсек, мұндай бөлімдерді ашуды немістер 1933 жылдарда-ақ жоспарлап қойған деседі. Негізі, Түркістан Легионы үлкен Шығыс легионының бір бөлігі болатын. Мұны 1941 жылы Мұстафа Шоқайға ұсынады. Бірақ, ол келіспегендіктен Түркістан Легионының басшысы ретінде Уәли Қайюмды сайлайды. Оларды біріктірген негізгі мүдде Түркістанды орыстарды зұлымынан азат ету болды. Бөлім негізінен Қызыл Әскер жағында күресіп жүріп тұтқынға түскен әскерлер мен Еуропа мен Түркияда қоныс аударып кеткен түркі ұлттардан тұрды.



Түркістан легионының Тарихы

Бұл уақыттарда Түркістан өлкесі 23 жылдан бері КСРО құрамында еді. Түркістан Ресей Империясының құрамында 40 жыл ғана болды. Қолына мылтық ұстап келгендерді жергілікті халық жылы қарсы алмағаны сөзсіз. Көпшілігі жаңа үкіметке қарсы бас көтермесе де, оларды саясатын іштей қолдамайтын еді. Бірақ, 1941 жылдардағы Кеңес пропогандасы өте белсенді түрде жайылып жатқандықтан өсіп келе жатқан ұрпақ жаңа, коммунистік рухта өсіп жатқан болатын. Ал, бұл кезекте Кеңес Үкіметіне қарсы бас көтеру мүмкін еместей көрінетін. Бірақ, үкіметтің қысымымен қоныс аударып кеткендер жергілікті халықтың Кеңес шырмауынан азат болғанын шын жүректен қалайтын еді. Осы адамдар арқылы немістер антикеңестік легиондарды құруда шешім қабылдады.




Түркістан легионының мақсаты

Түркістан Легионының Әскерлеріне Ұлы Түркістан Мемлекетінің құрылуы уәде етілген еді. Сонымен қатар, оның құрамына Орта Азия, Башқұртстан, Еділ бойы, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ және Шыңжаң өлкелері қосылады деп жоспарланған болатын.


- II. Дүниежүзілік соғыс кезінде Гитлердің нацистік партиясының басқаруындағы Германияның соғысқұмарлығы Шоқайдың Париждегі күнделікті өмірінің толықтай өзгеруіне себеп болды. Неміс армияларының Польшаны басып алуы Еуропада соғысқа жетелейтін керістікті жағдайдың тууына жол ашты. Мұнымен тек Шоқайдың ғана емес, бүкіл Еуропа елдерінің, әсіресе Германияға көршілес Франция халқының тұрмыс-тіршілігі астаң-кестең болды. Осыған мезгілдес неміс армиясы мен кеңес армиясы жаулап өзара бөлісіп алған Польшаның астанасы Варшавада “Прометей Одағының” жұмыстарының тоқтап қалуы заңды еді. Алайда әлі соғысқа араласпай бейбіт жатқан Францияның өзінде аласапыран жағдай қалыптаса бастады. Соғыс қаупіне байланысты бұл елдегі босқындардың барлық шығармашылық іс-қимылдары тоқтап қалды. Олардың ішінде Шоқайдың 1929 жылдан бері үздіксіз шығарып келе жатқан “Яш Түркістан” журналы да бар еді.





Жиі Париждегі Ұлттық Кітапханаға барып, саяси тарих пен философия туралы кітаптарды оқыды. Осы кітаптар арқылы Германия мен Кеңестердің діттеген мақсаттарын және мұнда қаншалықты табысқа қол жеткізе алатындықтарын болжауға тырысты. Гитлер мен Сталиннің әлемдік билік құмарлықтарының адамзатқа қандай ауыртпалықтар әкелетіндігі туралы сауалдың жауабын іздеп шарқ ұратын.


Шоқайдың ойынша олардың екеуі де адасқан озбырлар еді. Олар жаратылысынан саясат пен зұлымдықта бір-біріне тең түсетін. Олардың арасындағы дара айырмашылық – біреуінің нацист, ал екіншісінің интернационалист болуы еді. Басқаша айтқанда Гитлер тек неміс халқының атасы, ал Сталин болса халықтардың атасы еді. Шоқай бұлардың бірінің ажалы екіншісінің қолынан болады деген ойда еді. Егер олар әлемді билеу үшін ауызбірлігі болса, онда оларға ешкім қарсы тұра алмас еді. Бірақ Шоқай олардың достықтарының өткінші екендігіне сенді.




Ал Парижде үнемі кездесіп тұрған Ресейлік босқындарының көпшілігі қаланы тастап кеткен болатын. Олардың көбі Франция мен Германия арасында басталуы ықтимал соғыстан бас сауғалап Португалия арқылы АҚШ-қа қарай аттанған еді.

Соғыс қаупін Шоқай да сезді. Алайда Францияны тастап кетуді ешқашан ойламады. Өйткені ол қиын-қыстау күндерінде өзіне құшағын ашқан Францияны туған отаны деп есептеді. Сондықтан соғыстан қорқып Францияны тастап кетуге болмайтын еді. Ол елде бір соғыс өрті шыға қалған жағдайда оның қиыншылықтарына француз халқымен бірге төзуге тәуекел етті.


Сөйтіп Шоқай Францияда қалды. Өйткені, онын жүрегінде Франциянын ерекше орны бар еді. Франция ол үшін бостандықтар, теңдіктер және бауырластықтар елі еді. Ол 1941 жылы 27 желтоқсанда көз жұмғанда тек қазақ халқы үшін емес, француз халқы үшін де құрбан болды деуге негіз бар. Өйткені сол кезде жансауғалап АҚШ-қа кетіп қалғанда нацисттерге тұтқынға түспей аман қалар еді.




Ақырында соғыс басталды. 1940 жылы сәуір айында алдымен Данияға және соңынан Норвегияға шабулдаған неміс армиясы мамыр айында Бельгия мен Голландияны жаулап ала бастады. Енді соғыс Францияның шекараларына таяды. Франция қосындарын неміс шабулдарына қарсы Мажинода шоғырландырып қорғаныс шебін құрды. Осындай жағдайда Парижді тастап, Бордо қаласына кетуге дайындық жасаған достары бірге кетуге қайта ұсыныс жасаса да, Шоқай оған келіспеді. Өйткені ол қандайда бір қасіретке душар болатын болса да, Парижден кетіуге бел байлаған еді. Бір күні күтілмеген шақыру алды. Бұл шақырту Шоқайды қатты алаңдатты. Өйткені немістердің өзін Берлинге не үшін шақыртқандықтарын түсіне алмады. Немістер Польшаны басып алмас бұрын “Прометей Одағы” жұмыстары кезінде нацисттерге қарсы екенін айқын көрсететін мақалалар жазған еді. Сондықтан ол нацисттерге қарсы екендігімен танылған болатын. Сол себепті немістердің бұл кездесуде өзінен не сұрайтындықтарын немесе қандай салада пайдалатындықтарын жорамалдап білгісі келген еді. Бірақ ешқандай бір қорытындығыға келе алмады. Екінші жағынан шақыртуды қабылдамай кездесуге бармайтын болса, Францияны қол астында ұстап тұрған немістер керек болған жағдайда оны өз ықтиярынсыз-ақ Берлинге алғыза білетін еді.




Сонымен Шоқай Берлинге келді. Берлинде өзін шақыртқан неміс өкіметтік қызметкерлері Шоқайға Кеңестердің әскери күші туралы мәлімет сұрауға шақырғандарын айтты. Бірақ Шоқай бұл туралы ешқандай мағлұматы жоқ екендігін, кеңестердің тек Түркістан аймағының ғана қызықтыратынын, кеңестер туралы одан артық ешнәрсе білмейтіндігін айтты. Шоқай Берлинде бір апта болғаннан кейін Парижге оралды. Енді көңілі орнына түскен еді. Өйткені немістердің өзімен ешқандай жұмысы қалмаған еді. Бірақ бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Осы кездесуден шамамен екі ай өткен соң, 1941 жылы 22 маусым күні Германия Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашты. Сөйтіп Шоқайдың өмірінің ең тыныш және жайбарқат күндері аяқталды. Ол осы хабарды тебіреніспен және таңданыспен қарсы алды. Сонда алғаш ойына оралған неміс армиясында жас офицерлердің қарт офицерлерге басым түскені болды. Өйткені Шоқай Берлинде жүрген кезінде неміс армиясында Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашып-ашпау туралы тартыс болып жатқандығын естіген болатын. Жас офицерлер ағылшындармен болған шайқастарда ұшыраған жеңілістердің орнын большевиктерге қарсы соғыста жеңіске қол жеткізіп толтыруды жақтады. Ал қарт тәжірибелі офицерлер болса, күш-қуаты туралы жеткілікті мағлұматтары жоқ Кеңестер Одағымен соғыспау керектігін алға тартты.




Шоқай үшін немістердің кеңестерге қарсы соғыс ашуы күтпеген уақиға еді. Дегенмен ол мұны Түркістанның Мәскеудің бұзауынан құтылуына оңды әсер етеді деген пікірде еді. Сондықтан қатты тебіреніп, толқыды. Жұбайымен Париж орталығына бара жатып жол бойы дамылсыз сөйледі. Аракідік қолдарын аспанға көтеріп жазу жазған секілді ым-белгілер жасады. Зайыбының айтуынша Шоқай маңызды шешім қабылдар алдында кезінде үнемі осылай ететін еді. Шоқай бұл жағдайды пайдаланып қалу керектігін және бұл үшін жиналып мәселені талқылау керектігін айтып жатты. Осындай ойларға шомылған Шоқай мен жұбайы қала орталығына жасаған серуендерінен үйлеріне қайтты. Үйлеріне кіргеннен сәл ғана уақыт өткен соң үш неміс әскері келіп Шоқайды тұтқынға алды. Сол күні Парижде тұтқындалған жалғыз ол емес еді. Парижде тұрып жатқан кеңестерге қарсы орыс босқындарының алда келген өкілдері де тұтқындалды. Олардың барлығы Компьен лагеріне қамалды.




Негізінде бұл лагерьді абақтыдан гөрі немістердің үкіметтік қызметкерлерінің білімін арттыру лагері деуге болады. Лагердегі жұмыстар Ресейлік босқындардың кеңестер туралы мәліметтерінен пайдалануға бағытталды. Немістер осы мақсатта босқындар арасында Кеңестер Одағы туралы конференциялар мен талқылаулар ұйымдастырды. Шоқай да лагерьде Түркістан туралы бір баяндама жасады. Шоқайдың Түркістан туралы баяндамасы тыңдаушыларға өте ұнап, осы тақырыпта тағы бір баяндама жасауы сұралды. Шоқай мұны шын ықыласпен қабыл алды. Бірақ лагерьде екінші баяндаманы жасайтындай ұзақ уақыт қала алмады. Өйткені Шоқайдың баяндамасын жалғыз тұтқындар ғана емес, лагерьдің неміс басшылары да ұнатқан еді. Олар кеңестерге қарсы мұндай бір баяндаманы радио арқылы түркістандықтарға қарата жасауын сұрады. Жалпы алғанда Шоқай бұл ұсынысқа оң қарағанмен радиодан сөз сөйлеуге бірден келісе қоймады.



Өйткені оның ойынша, Түркістанның жергілікті халықына арнап сөз сөйлеу мен Түркістаннан тыс жерде шетелдіктерге баяндама жасау арасында үлкен айырмашылық бар еді. Түркістандықтарға өз отаны туралы баяндама жасайтын кезінде бар нәрсеге өте мұқият болып, әсіресе өлкенің саяси шындықтары туралы қателіктерге бой ұрмауы керек еді. Олай болмаған жағдайда баяндаманың пайда орнына зиян келтіруі мүмкін еді. Сол себепті немістерге тұтқынға түскен түркістандық әскерлермен кездесіп олардың ұлттық мәселелердегі ой-пікірлерін біліп алу қажет еді. Содан кейін ғана түркістандықтарға арнап бір баяндама жасауға болар еді. Шоқай Берлинге қарай аттанбас бұрын екі күнге үйіне соқты. Берлин сапары үшін керекті дайындықтарын жасады. Түні бойы жазу машинкасымен жазу жазды. Ол таңертең ертемен Парижге кетті. Келгеннен кейін тағы да жазды. Ол шілде айының орталарында Парижден Берлинге қарай әскери көлікпен жолға шықты.




Шоқай Берлинге бара жатқанында кеңес дәуірінде өскен түркістандық жастармен алғаш рет кездестіндіктен өте толқып тұрған еді. Бұл кездесулер, әсіресе 1922 жылдан бері шетелде Түркістан туралы жазған мақалаларындағы тұжырымдарының дұрыс бұрысын анықтауға мүмкіндік беретін еді. Сол мақалаларында Түркістаннан шалғай жерде, Еуропаның кіндігінде тек кеңес баспасөзінде орын алған мәліметтерге сүйене отырып, қорытындылар мен тұжырымдар жасаған еді. Түркістанға бара алмағандықтан, олардың қанша дәлдікпен айтылғанынан бейхабар еді. Тұтқындармен сөйлескен кезінде осы мәселені анықтауға тырысатын еді. Сондай-ақ немістерге тұтқынға түскен түркістандықтардың толықтай кеңес жүйесінде білім алып өскен жастар болуы да оны қызықтыруда еді. Сол тәрбиенің түркістандық жастарды қандай сипатта қалыптастырғанын байқау мүмкіншілігіне қол жеткізетін еді.




Шоқай әсіресе олардың өзі туралы не ойлайтындықтарын білгісі келді. Бірақ жастардың өзі туралы білетініне күмәнді еді. Ол бұл туралы ойларын былай ортаға салады: “...Тұтқындармен кездесетін болғандықтан толқып тұрмын. Олармен түсінісетін ортақ бір тіл таба аламыз ба? Алайда сол жастар мен туралы еш нәрсе білмейді. Еш нәрсе де естімеді. Менің шетелдегі іс-әрекеттерімнен де бейхабар. Сондықтан да өте толқып тұрмын.”


Бірақ Шоқай Берлинге келгенінде соғыс тұтқындарымен бірден кездесуге мүмкіншілігі болмады. Лагерлерге барып аралау үшін алты апатадай күтуіне тура келді. Шоқайға лагерлерді көріп қайту үшін неліктен дереу рұхсат берілмегендігі туралы қолымызда ешқандай дерек жоқ. Дегенмен, бұған немістер басып алған кеңес территорияларын басқару туралы НСДАП мен Сыртқы Істер Министрлігі арасындағы билік тартысының себеп болғандығы даусыз.




Кеңестерге соғыс ашпастан бірнеше ай бұрын аталған екі мекеме бір-бірінен хабарсыз Кеңес Одағына басып кіру жөніндегі дайындық жұмыстарына бастады. Бұл тұрғыда алғашқы жұмыстарды НСДАП-тың Сыртқы Саясат Кеңесі бастатты. 1941 жылы 31 наурыз күні бұл кеңсеге қарасты “Шығыс Мәселелері Орталық Саяси бюросы” құрылды және оның төрағалығына Альфред Розенберг тағайындалды. 1941 жылы 20 сәуір күні Шығыс Еуропа аймағы мәселелерінің орталық атқару қызметкері деген лауазым аты алған Розенберг өзінің жұмыс тобын жасақтай бастады. Соның алғашқы қызметкерлері арасында профессор Герхард фон Менде мен Георг Лейбрандт секілді есімдер орын алды. Сонымен Розенберг неміс армиясы басып алатын кеңес жерлеріндегі болашақ неміс билігінің жоспарларын жасай бастады. Розенберг басшылығындағы бюроның ресми бір мекемеге айналуы соғыс басталғаннан кейін, Шоқайдың Берлинге аяқ басқан күндерге сәйкес келді.




1941 жылы 16 шілде күні Гитлердің қатысуымен бір маңызды жиналыс өткізілді. Бұл жиналыста Кеңестер Одағынан басып алынған аймақтармен айналысатын жаңа бір министрліктің құрылуы мен өкілеттіліктері туралы шешім қабылданды. “Басып Алынған Шығыс Елдері Министрлігі” деген ат берілген осы жаңа министрлікке ертеңіне Розенберг министр болып тағайындалды. Сөйтіп Шоқайдың аралауға тілек білдірген тұтқын лагерлерінен жауапты болған және қысқаша Шығыс министрлігі (Остминистериум) деп аталған бұл жаңа министрлік 1941 жылы 17 шілдеден бастап өз жұмысына бастады. Шығыс Министрлігінің ұйымдық құрылысы ауқымды және қызық сипатта еді. Саясат, экономика және әкімшілік секілді үш негізі бөлімнен тұратын министрліктің саяси бөлімі тақырыбымыз тұрғысынан көбірек маңызды болғандықта ол туралы тоқталамыз. Бұл бөлімнің басына “министрал директор” яғни министірге тікелей бағынатын директор деген лауазыммен Розенбергтың жақын қызметтес жолдасы Лейбрандт тағайындалды. Саясат бөлімі де өз ішінде он салаға бөлінді.




Шоқай лагерлердегі алғашқы күннен-ақ нацисттермен бірге кеңестерге қарсы Түркістанның саяси құқтары үшін күресудің мағынасыз және тіпті зиянды екендігін аңғарды. Соған қарамастан өзі де тұтқын сипатында болғандықтан, тұтқын комиссиясындағы қызметін жалғастыруға мәжбүр болды. Бірақ өз қалауынан тыс атқаратын бұл қызметіндегі басты мақсаты – неміс армиясының Кеңестер Одағына қарсы жүргізіп жатқан соғысында жеңіп шығуын қамтамасыз ету емес, тұтқындардың ауыр жағдайын біршама да болса жақсарту болды. Ол бүкіл жұмыс уақытын, тіпті өмірінің қалған бөлегін осы мақсатқа арнады. Соғыстың алғашқы апталарында тұтқындардың жағдайы сұмдық ауыр еді. Өйткені бастапқыда лагерлерде жиналған жүз мыңдаған тұтқындардың мәселелері мен қатар кеңестік шығыс халықтарынан шыққан тұтқындардан көмекші отрядтар ұйымдастыру ісі де ойластырылмаған еді.



Шоқай тұтқын лагерьлерінде көптеген мұсылман тұтқынның орынсыз нақақ атылып тасталуына кедергі болды. Әсіресе сүндетті болуларына байланысты мұсылман тұтқындарды немістердің еврей деп ойлап, атып тастау оқиғаларының азауында елеулі рөл атқарды. Шоқай бір жолы лагерьлерді аралап жүргенінде 35 мұсылман тұтқының тек қана сүндетті болғандықтары үшін атылайын деп тұрғандығын көрді. Ол дереу бұл іске араласып, әскерлерді ажал аузынан арашалап қалды. Сондай-ақ алдағы уақыттарда да бұған ұқсас қателіктерге жол бермеу үшін бұл мәселе жөнінде неміс басшыларын хабардар етуге тырысты. Шығыс министрлігі, Неміс Қарулы Күштері қолбасшылығы және СД өкілдері қатысқан бір жиналыста мұсылмандардың сүндетке отырғызу дәстүрі туралы мағлұмат берілді. Неміс ғалымы Мүхлен 1941 жылдың тамыз айынан бастап сүндетті болғандықтары үшін мұсылмандарды атып тастау оқиғаларының сейеуілдегенін айтады.




Шоқайдың лагерь шарттарының жақсартылуы жолындағы ескертулері мен ұмтылыстарының зая кетпегендігін деректер анықтауда. Зерттеуші Мұхленнің айтуынша, 1941 жылдың тамыз айынан бастап кеңестік мұсылмандарының топ-тобымен өлім оқиғалары айтарлықтай дәрежеде азайды. Легионда болған атқарған бір тұтқын Шоқайдың лагерьлеріне келіп кетуінен кейін жағдайларының жақсарғандығын атап өтеді. Шоқайдың аралап кетуінен кейін лагерьде тұтқындардың тазалық үшін мөнша мен душ мүмкіншіліктерімен көбірек қамтамасыз етілді және тағамдары жақсартылды. Шоқай тұтқындардың лагерьлердің ауыр шарттарына төзе алулары үшін көңіл-күйлерінің көтеріңкі болу керектігін жақсы түсінді. Бұл үшін ең алдымен тұтқындарға өзінің қолында ешқандай билік жоқ екендігін және немістердің нацистік идеологиясының зұлымдығынан туған өз үміціздігі мен пессимизмін көрсетпеуге тырысты. Содан кейін олардың көңіл-күйлерін көтеру үшін біле тұра өтірік айтып, жалған уәделер берді.




Шоқай тұтқындармен өткізген кездесулерінен Түркістанның саяси жағдайын білуге мүмкіндік тапты. Сан жылдар шетелде босқында жүріп Түркістандағы кеңес билігі туралы жасаған тұжырымдары мен сындарында жаңылыспағандығына көз жеткізді.

Тұтқын комиссиясының Ганофер маңындағы Өрбке және Берген-Белсендегі жұмыстары 1941 жылдың 27-28 тамыз күндері арасында екі күн жалғасты. Бұл жерде жұмыстарын бітірген комиссияның келесі аялдамасы Шығыс Пруссиядағы лагерьлер еді. 1941 жылдың 6-25 қыркүйек күндері бұл жерде орналасқан жеті лагерьді аралады. Олар: 1. Торн, 2. Просткан, 3. Сувалки, 4. Шируиндт, 5. Метзикен, 6. Погеген, 7. Ебенроде лагерьлері еді.


Комиссияның үшінші жұмыс аймағы Польша мен Ұқырайнадағы лагерьлер болды. 7 қазан мен 30 қараша күндері арасында жасалған бұл сапарда бес лагерьдегі тұтқындармен жүздесілді. Ол лагерьлер: 1. Лемберг, 2. Ярослав, 3. Кочановка, 4. Деба, 5. Самош еді.




Тұтқын комиссиясы өз жұмысын жалғастырып жатқан кезде нацистік өкіметтің жоғарғы басшылықтарында тұтқындардан көмекші отрядтардың жасақталуына деген қарсылықты бәсеңдетулер болып жатты. Бұл мәселеде Германияның Анкарадағы елшісі Франц фон Папен маңызды рөл ойнады. Папен Түркияның бейтараптығын Германияның пайдасына бұзып, соғысқа қатыстыру үшін жанталасуда еді. Бұл мақсатын іске асыру үшін Түркияның саяси қайраткерлері мен зиялыларының түрікшілік сезімдерін қозғалысқа түсірмек болды. Папенмен етене жақын байланыс орнатқандар бұрынғы әскери генералдер еді. Олардың бірі Әнуар Пашаның інісі – Нури Паша еді. Папен қыркүйек айында Нури Пашаның Берлинде Германия Сыртқы Істер министрлігінің қызметкерлерімен кездесуін қаматамасыз етті. Бұл кездесудің хаттамаларына қарағанда, Нури Паша мұсылман және түркі тектес соғыс тұтқындарынан жеке отрядтар жасақталуын және бұл мәселеде өздерінің қол ұшын беретіндіктерін айтты.




Соғыс тұтқындарынан легиондар құру пікіріне Гитлердің келісімін алуда да Папен маңызды рөл атқарды. Папен ұзақ уақыттан бері басқа екі түрік генералымен де жақын қарым-қатынас орнатып жүрді. Олардың бірі – Стамбул Соғыс Академиясының қолбасшысы (командирі) генерал Али Фуад Эрден, ал екіншісі – “Жумхуриет” пен “Сон Поста” газеттерінің ұлтшыл жазушысы, зейнеттегі генерал Хүсни Әмир Эркилет еді. Папен олардың 1941 жылы қазан айында Берлинге сапар шегуін қамтамасыз етті. Германияның кеңестерге қарсы соғыста жеңіске жететіндігіне сенген екі генерал басып алынатын кеңес территориясының түркі халықтары тұратын өлкелерінде ұлттық мемлекеттер құрылуын жүзеге асыруды көздеді. Олар сол мақсатқа жету үшін неміс өкіметімен біргестесуді жөн көруде және керек болған жағдайда Түркияның да Германиямен бір сапта соғысқа қатысуын қамтамасыз етуге тырысуда еді. Сондай-ақ кеңес тұтқындарына жақсы қаралуын, олардан бір армия құрылуының пайдалы болатындығы туралы пікірді жақтауда еді.




Эрден мен Эркилет патшалар Берлинде Гитлердің қабылдауында болды. Бұл қабылдауда екі паша Гитлерге өз пікірлерін білдірді. Гитлердің бұл екі пашамен болған кездесуден үлкен әсер алғандығын айта аламыз. Өйткені зерттеушілер Гитлердің тұтқын әскерлерден көмекші отрядтар жасақталуына осы кездесуден кейін келісім бергендігін айтады. Осылайша неміс өкіметінің жоғары лауазымды басшыларының шығыс халықтарынан көмекші отрядтар жасақтау мәселесіндегі қарсылықтары жойылып легиондарды ұйымдастыру барысында алғашқы жұмыстар жасала бастады. Розенберг мұсылман және түркі тектес тұтқындардан көмекші отрядтар жасақтау жөніндегі жобасын желтоқсан айының басында Гитлерге ұсынды. Гитлер жобаны бекітіп, 1941 жылы 22 желтоқсан күні неміс қарулы күштері құрамында түркістандықтардың, армяндардың, грузиндердің және кавказ мұсылмандарының легиондарын құру туралы бұйрық берді.




Шоқайдың бұл жобаға жылы қарамағандығын, сондай-ақ бұл жобадан тыс қалуға тырысқандығын айта аламыз. Өйткені маңызды себертер болды. Олардың ең бастысы шығыс халықтарын төменгі адамдар ретінде көрген нацистік идеология келеді. Нацисттер әсіресе Шоқайдың қаншама жылдар саяси құқтарын қорғау жолында күрескен қазақ, қырғыз, татар секілді халықтарды төмен көрді. Бұл көзқарас нацистік биліктің ең жоғарысындағы Гитлерден бастап, нацистік партияның ең төменгі сатысындағы қарапайым мүшесіне дейін, нацисттердің барлығының бойында кездесетін. Гитлер де осы көзқарасты қолдаған баяндамалар жасайтын. 1941 жылы 11 желтоқсан күні Райштагта сөйлеген сөзінде Гитлер соғыста большевиктер жеңген жағдайда, Еуропаның бейбітшілігін монғолдар мен татарлар белгілейтінін және мұның бүкіл Еуропа үшін үлкен бір апатқа ұрындыратынын атап өткен еді. Гитлердің бұл сөздері нацисттердің монғолдар мен татарларды дос емес, дұшпан ретінде санайтындықтарын ашық түрде көрсетеді.




Шоқайдың өзі де нацистік нәсілшілдіктің түркі-татар халықтарын қорлаған көзқарастарының салдарына тап болды. Бір жолы тұтқын лагерьлерін аралап жүргенінде азиялық болғаны үшін өзін төмен көрген бір гитлершіл әскер өзіне жол бермегендігін желеу етіп шапалақпен тартып жіберді. Бұдан да ауыр оқиғаға Шоқай Берлин көшелерінің бірінде душар болды. Жолда кездескен бір эсэсшіл есерсоқ Шоқайға тиісіп, қол көтерді. Фон Менденің мұралары арасында сақтаулы “Кавказ Саясаты” атты басылмаған бір еңбекте келтірілуінше, ол жігіт дереу тұтқындалып жауапқа тартыды. Ол таяу арада төменгі адам туралы бір кино тамашалағанын және солардың алғаш кездескен өкіліне жек көрушілік сезімін көрсеткісі келгендігін айтты. Осы оқиғаға байланысты бір үкіметтік қызметкер Шоқайдан кешірім сұрады.




Шоқайды нацисттермен біргестесуден аулақ болуына түрткі болған нәсілшіл идеологиядан басқа тағы бір маңызды себеп – легион жобасы қабылданған тұста Германияның Орта Азия саясатының әлі белгіленбеуі еді. Шоқай тұтқын лагерьлерінде қандай мақсатқа қызмет етіп жүргендігін білмегендіктен абыржулы еді. Шоқай осыған байланысты мазасыздығын жасырмастан маңайындағыларға жиі-жиі айту жүрді. Желтоқсан айының орталарында Ғалимжан Идриси Шоқайдың келешек туралы еш нәрсе білмейтіндігін айтып шағымданып жүргендігін айтты. Біріншісі КСРО-ны тұтастай неміс отарына айналдыру еді. Бұл көзқарас кеңестік республикаларда жергілікті халықтарға басқаруда ешқандай да бір билік құқы танымауда еді. Барлық билік неміс басшыларының қолында болатын еді. Ал екінші көзқарас , Кеңестер Одағын автономиялық әкімшілік аймақтарға бөліп, жергілікті өкілдерге билік беруді жақтады. 1-ші және қатаң көзқарасты Шығыс Министрлігі, ал 2-ші идеяны болса, Сыртқы Істер Министрлігі жақтады.




Нацистермен біргестеспеуіне тағы бір себеп ретінде, Шоқайдың жеке қасиеттерін айтуға болады. Ол қан төгіспен соғысқа әрқашан қарсы болды. Саяси күресті үнемі бейбіт жолмен, яғни пікір жолымен жүргізуді жақтаған ол соғыс пен қаруды еш ұнатпайтын. Сондықтан оның әскери жасақтарға қолбасшылық етуі мүмкін емес еді. Шоқайда соғыс пен соғыс униформасын жек көретіндігі соншалық, әлемде армия аты берілген қандай да бір мекеменің болуының өзін қаламады. Сонымен қатар бейбітшілік пен тәртіпті сақтау үшін әскер мен полиция секілді қарулы күштердің керек екендігін де мойындайтын. Дегенмен мұндай мекемелердің бірінде қызмет атқарғысы келмейтін. Әлемде соғыссыз, бейбіт тіршілік орнауы үшін адамдардың не істеуі керектігі туралы ұзақ толғанатын. Ақырында адамзаттың ол деңгейге көтеріле көтеріле алмайтындығы және мұның бір утопия екендігі туралы қортындыға келетін.




Шоқайдың Түркістан легионына қатысудан үзілді-кесілді бас тартты. Шоқайдың “Яш Түркістан” журналын шығаруында ұзақ жылдар бойы жанқиярлықпен көмектескен Тахир Чағатайдың жұбайы Саадет Чағатай да осындай пікір айтады. Чағатай Шоқайдың немістердің тұтқын жерлестерін орыстарға қарсы өз шептерінде соғысуға ынталандыру туралы талаптарына келіспегендігін атап өтеді. Оның айтуынша, Шоқай мұндай бір іс-қимылға үлес қоспайтынын ашық түрде білдірді. Шоқай немістерге түркі кеңестік тұтқындарды майданға жібермеуге кеңес берді. Оның орнына оқуларын аяқтамай жатып, кеңес армиясы қатарында соғысқа айдалып, тұтқынға түскен жастарды білім алуларын жалғастырулары үшін оқуға жіберулерін, ал басқа тұтқындардың болса майдан тылында жұмыс істетілуін ұсыныс етті.



Шоқай жұбайына жазған соңғы хаттарының бірінде, мұндағы жағдайдың өзін қанағаттандырмағандығын және бірнеше күн ішінде Парижге қайтатындығын мәлімдеді. Шоқай бұған ұқсас тағы бір хатты Стамбулдағы Тахир Чағатайға да жіберді. Хатында былай деді: “Бұл жердегі кездесулерім аяқталды. Парижге қайтуға шешім қабылдадым... Германияда бізді қызықтыратын мәселелер туралы мағлұмат алғың келсе, бұл жұмыстарға тікелей араласып жүрген Уәлиге хат жаз. Осы қысқа хатты бұрынғы досымыз Вичи арқылы почтаға салғызып отырмын. Парижге оралғаннан кейін жазатын егжей-тегжейлі хатымды күтерсің.” Бұл хат Шоқайдың легион жобасына келіспегендігін, сонымен қатар енді тұтқын комиссиясындағы қызметін тастап Парижге қайтуға бет алғандығын бізге айқын көрсетеді. Егер Шоқай Парижге орала алғанда, Чағатайға жазатын хатында бәлкім де Түркістан легионы туралы ой-пікірлерін ашық түрде жазатын еді. Бірақ Парижге қайту Шоқайдың пешенесіне жазылмаған еді.



Тұтқын комиссиясы барған Польшадағы Ченстохав лагері Шоқай аралаған соңғы лагер болды. Комиссия келген кезде лагерде сүзек ауруы шыққан еді. Соған қарамастан комиссия тұтқындармен кездесулер өткізді. Комиссия сүзек эпидемиясының артуына байланысты тұтқындардан бөлініп карантинге алынды. Комиссия мүшелері екі апта бұл жерде карантинде қалды. Карантин кезінде комиссия мүшелерінде ауру белгілері көрінбегендіктен лагерьден қайтуларына рұхсат берілді. Шоқай ендігәрі тұтқын лагерінде жұмыс істеуді қаламады. Ченстахов лагері Шоқайдың барған соңғы лагері болды. Жұбайына жолдаған хатында былай деді: “Жұмыстар қызықты емес, тұтқындарды санау ғана. Тез арада бұл жұмыстан босану керек және карантинде қамалып қалмауым керек.” 19 желтоқсан күні комиссия Берлинге оралды. Шоқай Берлинге келгенінде ыстығы 40 градуске көтерілген еді. Ол сүзек ауруы деген күмәнмен Виктория ауруханасына жатқызылды. Бір апта бойы көрген емі еш нәтиже бермей, 1941 жылы 27 желтоқсан күні қайтыс болды.



Неміс ресми қызметкерлері өлім себебі ретінде Ченстохав лагерінде жұқтырып алған сүзек ауруын көрсетті. Бірақ жұбайы Мариядан бастап оның жақын достары оның өліміне күмәнмен қарады. Шоқайдың өліміндегі сырлар басқа ұзақ мақаланың тақырыбы. Шоқай 1942 жылы 2 қаңтар жұма күні Берлиндегі түрік шәйіттері зиратына жерленді.

Сонымен қорыта айтқанда Мұстафа Шоқай Түркістан легионы және басқа мәселелерде фашисттермен ешқандай біргестескен емес. Тіпті оларға қарама қарсы бағытта болды. Сондықтан оған сатқын деушілік үлкен әділетсіздік, білімсіздік, жала жабушылық, тіпті тарихқа қиянат болып табылады. Мұстафа Шоқай Қазақстан және Орта Азияның тәуелсіздігі жолында өзін құрбан еткен нағыз халық қаһарманы. Қазақстан және Орта Азия елдерінің тәуелсіздігінің 20 жылдығында Шоқайға үлкен құрметпен қараған жөн.